


Адам



Мазмұны;



- 1) Адам философиясы;
- 2) Адам жаратылысы
- 3) Адам зерттейтін ғылым салалары
- 4) Қорытынды

Адам философиясы

- Адам — Жер бетіндегі ең жоғарғы даму сатысындағы тіршілік иесі, қоғамдық-тарихи әрекет пен мәдениетті жасаушы. Адам – философия, әлеуметтану, психология, физиология, педагогика, медицина, т.б. ғылымдардың нысаны болып табылады. Адам мәселесі, оның пайда болуы, өмірде алатын орны, тіршілігінің мәні мен мақсаты адамзат танымының формалары – эпсаналардағы (мифологиядағы), діндегі, философиядағы, ғылымдағы ең негізгі мәселе. Бұл жөніндегі әңгімелер ертедегі Стоя қаласының ойшылдары (Сенека, т.б.) мен Сократтан басталады. (Протагор: «адам – заттардың өлшемі», Сократ: «өзіңді өзін танып біл»). Ежелгі Үнді, Қытай, Грек философиясында адам әлемнің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Демокрит түсіндірмесінде адам микрокосм, «кіші әлем», ол сондай-ақ түпнегіздерден құралады; адам денесі мен рухы ақиқаттың екі аспектісі (аристотелизм) немесе екі ерекше түпкізаты (платонизм). Антикалық философия үшін (Аристотель) адамды қоғамдық өмірге икемді тіршілік, рух, парасат иесі ретінде тану анықтаушы фактор болды. Ортағасырлық шығыс өкілдері де (Әбу Наср әл-Фараби, т.б.) діннің ықпалы күшейіп тұрғандығына қарамастан, Аристотельдің осы түсінігін ары қарай жалғастырды. Қайта өркендеу дәуірінде адам құдайдан дарыған еріктілік күші арқасында өз өмірі мен тағдырының негізін қалаушы және табиғаттың шектеусіз билеушісі ретінде танылды, сондықтан шебер жаратушының бейнесі Ренессанс символына айналды. 17 ғасыр (ғылыми-революция ғасырында) мен 18 ғасыр (ағартушылық дәуірінде) рационалистерінің ұғынуында нақ сол парасат, ақыл-ой адамның түпкізаты, өзіне тән ерекшелігі ретінде қарастырылады. Неміс классикалық философиясы үшін адам мәдениеттің жаратушысы, рухани іс-әрекет субъектісі және жалпы идеалдық бастау, яғни рух, парасат иесі. 19 – 20 ғасырлардағы постклассикалық философия (Фридрих Ницше, Артур Шопенгауэр, Серен Кьеркегор және т.б.) сезім, мықтылық және т.б. адамдық ақылдан шет қабілеттерге бет бұрады. Қазіргі философия адам тіршілігінің мәнін оның саналы қызметімен байланыстырады. Бұл қызметтің барысында адам тарихтың әрі алғышарты әрі жемісі болып шығады. Адамның әлеуметтік мәніне назар аудара отырып, қазіргі философия сонымен бірге әлеуметтік және биологиялық факторлардың өзара күрделі әсерін, әлеуметтік факторлардың басымдылығын ескереді. Әйтсе де «табиғи түрде» әрекет ететін биологиялық факторлардың зор маңызы бар екендігін де ұмытпау қажет. Болашақтағы адам парасатты, иманды, елгезек те қарекетшіл, сонымен бірге сұлулықтан ләззат ала білетін, рухани кемел, жан-жақты дамыған тұлға. Ол қоғамдық тірлікте қайталанбас бітім, бірегей тұлға ретіндегі өзіндік «менімен» танылатын болады.

Адам жаратылысы

Бүгінгі таңда адам баласының жер бетінде пайда болуы жөнінде түрлі көзқарастар бар. Ондай көзқарастардың біріншісінде - діни түсінік бойынша бүкіл әлемді, соның ішінде адамды да құдай жаратты деген ұғым болса, екінші көзқарас бойынша адам баласы жер бетіне ғарыштан келген. Ал, үшінші пікір бойынша - адам баласы жер бетіндегі басқа да тіршілік иелері сияқты ұзақ эволюциялық даму нәтижесінде қалыптасқан. Әлемнің көпшілік ғалымдары осы көзқарасты жақтайды. Чарлз Дарвиннің ілімі бойынша адамның пайда болып, қалыптасуы мен дамуы қарапайымнан күрделіге қарай жүрген. Өйткені, алғашқы адамның қазіргі адамдардан көп айырмашылығы болды. Олар қолдары аяқтарынан ұзын, терісін қалың түк басқан ірі маймылдарға ұқсас келді. Жер бетіндегі ең алғашқы адам қалдығы 1959-1963 жылдардағы археологиялық қазба жұмыстары барысында Шығыс Африканың Кения жеріндегі Олдувай шатқалынан табылды. Ғалымдар бұл ежелгі адамның түр-сипатына және қасынан табылған тас шапқыға қарап оны «епті адам» деп атады. «Епті адам» маймыл тәрізді төрт аяқпен емес, екі аяқпен жүрген. Оған табан сүйектерінің доғалданып келуі дәлел. Соңғы жылдары ғалымдар ашқан жаңалықтар жер бетінде адамның алғаш пайда болған отаны – Солтүстік-Шығыс Африка екенін дәлелдеді. Себебі ежелгі адамдардың қазынды қалдықтарының көбі осы аймақтан табылды. Адамзаттың келесі даму сатысындағы тіршілік иесі «тік жүретін адам» деп аталады. Олардың ғылымға белгілі өкілдері питекантроп пен синантроптар. Олар бұдан 1 млн. жыл бұрын өмір сүрген. Бірінші питекантроп 1891 жылы Индонезиядағы Ява аралынан табылды. «Епті адаммен» салыстырғанда питекантроптың миының көлемі үлкейіп, бас және жақ сүйектері кішірейді, аяғы ұзарып, қолы қысқара бастаған. «Тік жүретін адамның» екінші бір түрі синантроп алғаш рет 1927 жылы Қытайдағы Чжоу-коу-дянь үңгірінен қазып алынды. Синантроп қаңқаларының жанынан түрлі пішіндегі тас құралдар мен күлдің, көмірдің, отқа күйген тастардың қалдықтары табылды. Адам дамуының келесі сатысы – неандерталь адамның пайда болуы. Бұл адам 1856 жылы тұңғыш рет Германияның Неандерталь жотасынан табылды. Неандерталь адамның өзінен бұрынғылармен салыстырғанда дене бітімі өзгеріп, қас үстіндегі дөңесі азайған және маңдайы жазылып, иек пайда болған. Қолдары күшті болғанымен, оларға қазіргі адамдарға тән икемділік пен шапшаң қимыл жетіспеді. 1938 жылы академик А.П.Окладников Өзбекстанның оңтүстігіндегі Тесіктас үңгірінен 8-9 жастағы неандерталь баланың қаңқа сүйегін тапты. Ал, бұл баланың бет әлпетін танымал антрополог-ғалым М.М.Герасимов қалпына келтірді. Ежелгі дәуірде қоғамның дамуы өте баяу жүрген. Өйткені адамдар көп уақытын тамақ іздеумен өткізді. Дегенмен, адамзаттың жетілу құбылыстары да жүріп жатты. Олардың өмір сүру ортасына бейімделіп, денелерін тік ұстауы мен ойлау қабілеттерінің дамуы қазіргіге ұқсас адамдардың пайда болуына алып келді. Адам дамуының келесі сатысында неандерталь адамнан кейін дене бітімі қазіргіге ұқсас «саналы адам» қалыптасты. Мұндай адамның сүйегі алғаш рет 1868 жылы Франциядағы Кро-Маньон үңгірінен табылғандықтан, оны «кроманьон» адам деп атайды. Бұл адамның түр-сипатында қазіргі адамдарға ұқсас белгілер көп. Олардың маңдайы жазық, қабақ үсті аздап шығыңқы, мұрны кішірек, бас сүйегі қазіргі адамдарға ұқсас болып келеді. Сондай-ақ, кроманьон адамның дене бітімінде қазіргі адамдардан еш айырмашылық болмаған. Олардың бойы биік, аяқтары ұзын болған және тік жүрген. Осылайша, сырт бейнесі жағынан маймылға көп ұқсастығы болғанына қарамастан, алғашқы адамдар өзінің ежелгі туысынан анағұрлым биік тұрды. Өйткені оның ойлау қабілеті бар еді. Алайда, ежелгі адамдардың ой-өрісі алғашқыда тым шектеулі болып, ауыр да баяу қалыптасқанын ұмытпауымыз керек.

Адамды зерттейтін ғылым салалары

- Адам жерде шамамен осыдан 2 – 3 млн. жыл бұрын пайда болды. Ол бірнеше эволюциялық кезеңдерден (питекантроп, гейдельберг адамы, неандертальдар) өтіп, осыдан 30 – 40 мың жыл бұрын, Homo sapiens (латынша - саналы адам) кейпіне енді де, бірте-бірте қазіргі адамдарға тән биологиялық қасиеттерге (кроманьондар) ие болды. Абай, Шәкәрім және ислам теологы әл-Ғазали тәрізді даналардың айтуынша, адам болмысы үш бөліктен құралады: тән, нәзік болмыс және жан. Тән – табиғаттың негізгі бес элементінен: топырақтан, судан, ауадан, оттан және эфирден тұрады. Тәннің құрылысын, оның жұмысын, өзгеру заңдылықтарын медицинаға байланысты ғылым салалары зерттейді. Адамның нәзік болмысына – сезім, ой-өріс, ақыл-ес, түйсік және «мен» деген түсінік жатады. Бұлардың табиғатын ұғыну өте қиын..
- Нәзік болмыс табиғи және әлеуметтік ортаға байланысты қалыптасады. Оны психология, парапсихология, спиритуализм, магия, бақсылық, йога тәрізді адам психикасын зерттейтін ғылымдар мен оқулық ағымдар қарастырады. Нәзік болмыстың түрлі атаулары бар: арабша – хауас сәлим, қазақша – рух, санскритте – аура, орысша – дух, латынша – спирит, ғылымда – психоэнергетикалық жүйе, т.б. Жан – адам өмірін басқарушы, қуат көзі, мәңгілік болмысы болып табылады. Тән мен материалдық болмыс оның уақытша киген киімі тәрізді. Олар ауысып отырады. Жан білімге және рухани ләззатқа құштар болғандықтан, ол бұл қасиеттердің қайнар көзін қоршаған ортаның материалдық болмысынан іздейді. Материалдық болмыс болса, әрқашан ақиқатты көмескілеп, бұрмалап көрсетеді және мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, ол жанды толық қанағаттандыра алмайды. Бұл жан мен тән арасындағы қайшылықты және олардың өзіндік сипаттағы үздіксіз күресін туғызады. Шығыс философиясы бойынша адамның жетілуі дегеніміз жанның материалдық құрсаудан босану барысы.

Қорытынды



- Осылайша, адам әлеуметтік тіршілік иесі, қоғам мүшесі ретінде ғылымға қызықты, себебі *Homo sapiens* түріндегі қазіргі заман адамы биологиялық заңдармен емес, әлеуметтік даму заңдарына сай өмір сүреді.
- Социогенез проблемасын қоғамдық ғылымдарсыз қарастыру мүмкін емес. Оларды зерттейтін құбылыстарына немесе солармен байланыстыларын бірнеше топқа бөлуге болады. Мысалы, өнермен, біліммен, техникалық прогресспен байланысты ғылымдар.
- Адам қоғамын зерттеуде жинақталу дәрежесіне қарай бұл ғылымдар екі топқа бөлінеді: қоғам дамуын барлық элементтердің өзара қатынасында бүтіндей қарастыратын ғылымдар, адамзат қоғамы дамуының жеке аспектілерін зерттейтін ғылымдар. Ғылымдарды осылайша бөлу адамзат өзіндік заңдарымен дамиды бүтіндей, сонымен бірге, көптеген жекелеген адамдар боп танылады. Сондықтан барлық қоғамдық ғылымдар не адамзат қоғамы жайлы ғылым, не социум элементі ретіндегі адам жайлы ғылымға жатады. Бірақ бұл жіктемеде әр түрлі ғылымдардың нақты шекарасы анықталмаған, өйткені көптеген қоғамдық ғылымдар қоғамды бүтіндей, сондай-ақ жеке адамды зерттеумен байланысты бола алады.
- Ананьевтің пікірінше, адамзат (адамзат қоғамы) жайлы ғылым жүйесіне қоғамның өндірістік күші жайлы, адамзаттың қоныстануы мен құрамы жайлы, өндірістік және қоғамдық қатынастар жайлы, мәдениет, өнер жайлы ғылымдар және де ғылымның өзін танымдық жүйе ретінде, қоғамның әртүрлі даму кезеңдеріндегі формалары жайлы ғылымдар енуі қажет.
- Мұнда адамның табиғатпен және адамзаттың табиғи ортамен қарым-қатынасын зерттейтін ғылымдарды ерекше атап өту керек. Осыған байланысты биогеохимиялық ілімді жасаушы В.И.Вернадскийдің пікірі қызықты – онда ғалым өзара қатынастағы және еркін оттегі O_2 молекуласының тарихымен байланысты қарама-қарсы екі биогеохимиялық қызмет жайлы сөз етеді. Бұл тотығу және қайта қалпына келу қызметтері. Бір жағынан олар тыныс алу мен көбеюге және екінші жағынан өлген организмдерді бұзумен байланысты. В.И. Вернадскийдің пайымдауынша адам және адамзат өздері өмір сүретін планетаның белгілі бөлігі биосферамен байланысты, себебі олар Жердің материалды-энергетикалық құрылымымен геологиялық заңдылықта байланысқан.

Назарларыңызға рахмет!

